

## 2009 жылға арналған аудан бюджеті туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2008 жылғы 19 желтоқсандағы N 88 шешімі. Ақтөбе облысы Шалқар ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 6 қаңтарда N 3-13-91 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2009 жылғы 28 желтоқсандағы N 166 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2009.12.28 N 166 шешімімен.*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ** **ЕТЕДІ:**

1. Шалқар ауданының 2009 жылға арналған бюджеті 1 қосымшаға сәйкес келесі көлемде бекітілсін:

1) Кірістер	3362093,4 мың теңге,
оның ішінде:	
салықтық түсімдер	651229,0 мың теңге,
салықтық емес түсімдер	43084,0 мың теңге,
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	16187,0 мың теңге,
трансферттердің түсімдері	2602283,4 мың теңге,
2) Шығындар	3362093,4 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредит беру	0 мың теңге;
4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0 мың теңге,
5) бюджет тапшылығы (профициті)	-49310,0 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру	49310,0 мың теңге мың теңге.

*Ескерту. 1 тармағына өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2009.02.10 N 111 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 тармағынан қараңыз), 2009.04.24 N 118 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармағынан қараңыз), 2009.07.27 N 137 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармағынан қараңыз), 2009.10.22 N 146 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармағынан қараңыз), 2009.11.26 N 153 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармағынан қараңыз) шешімдерімен.*

2. Аудан бюджеті кірісіне төмендегі түсімдер толығымен есептелсін:

Салықтық түсімдер бойынша:  
жеке табыс салығы;

әлеуметтік салық;

мүлікке салынатын салықтар;  
жер салығы;

көлік құралдарына салынатын салық;

бірыңғай жер салығы;

акциздер: бензин (авиациялықты қоспағанда) және дизель отыны үшін;

жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем;

жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін алынатын лицензиялық алым;

заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

аукциондардан алынатын алым;

көлік құралдарын тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

жылжымайтын мүлікке және олармен мәміле жасау құқығын мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым;

жергілікті маңызы бар және елді мекендердегі жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының бөлу жолағында сыртқы (көрнекі) жарнамаларды орналастырғаны үшін алынатын төлем;

басқа да салықтар;

мемлекеттік баж;

Салықтық емес түсімдер бойынша:

коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері;

коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакетіне берілетін дивиденттер;

коммуналдық меншіктегі заңды тұлғаларға қатысу үлесіне кірістер;

коммуналдық меншіктегі мүлікті жалдаудан түсетін кірістер;

аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына облыстық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар;

мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер көрсететін қызметтерді сатудан түсетін түсімдер;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақшаның түсімі;

жергілікті мемлекеттік органдар салатын әкімшілік айыппұлдар өсімпұлдар,  
с а н к ц и я л а р ;

жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер;  
Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер;  
жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге  
бекітілген мүлікті сатудан түсетін түсімдер;  
жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;  
жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлем.

3. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 04 желтоқсандағы "2009-2011  
жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" N 96 Заңына сәйкес 2009  
жылғы 01 қаңтардан бастап:  
жалақының ең төменгі мөлшері – 13470 теңге;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зейнетақыларды,  
жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ  
айыппұл санкцияларын, салықтар және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық  
есептік көрсеткіш 1273 теңге;

базалық әлеуметтік төлемдерінің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс  
деңгейінің шамасы – 13470 теңге мөлшерінде белгіленгені ескерілсін және  
б а с ш ы л ы қ қ а а л ы н с ы н .

2009 жылдың 1 шілдесінен:  
жалақының ең төменгі мөлшері – 13717 теңге;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зейнетақыларды,  
жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ  
айыппұл санкцияларын, салықтар және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық  
есептік көрсеткіш 1296 теңге;

базалық әлеуметтік төлемдерінің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс  
деңгейінің шамасы – 13717 теңге мөлшерінде белгіленгені ескерілсін және  
б а с ш ы л ы қ қ а а л ы н с ы н .

*Ескерту. 3 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық  
мәслихатының 2009.04.24 N 118 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармағынан  
қараңыз) шешімімен.*

4. Қазақстан Республикасының "2009-2011 жылдарға арналған  
республикалық бюджет туралы" Заңының 5 бабына сәйкес жұмыс берушілер  
еңбекке уақытша жарамсыздық, жүктілік пен босану бойынша, бала туған кезде,  
жерлеуге есептеген, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленіп келген  
жәрдемақы сомаларының аталған қорға аударымдардың есептелген сомасынан  
асып түсуі нәтижесінде 1998 жылғы 31 желтоқсан дағы жағдай бойынша  
құралған теріс сальдо ай-сайын жалақы қорының 4 проценті шегінде әлеуметтік  
салық төлеу есебіне жатқызылады.

5. Ақтөбе облыстық мәслихатының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "2009 жылға арналған облыстық бюджет туралы" N 125 шешіміне сәйкес аудан бюджетіне облыстық бюджеттен 1862282,0 мың теңге көлемінде субвенция бөлінгені ескерілсін және басшылыққа алынсын.

*Ескерту. 5 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2009.04.24 N 118 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармағынан қараңыз) шешімімен.*

6. Аудан бюджетінде жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін күтіп-ұстауға республикалық бюджеттен бөлінген трансферттердің есебінен облыстық бюджеттен 109574,0 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттердің бөлінгені ескерілсін және басшылыққа алынсын.

Аталған трансферттерді бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

7. Білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға байланысты республикалық бюджеттен бөлінген трансферттердің есебінен аудан бюджетіне облыстық бюджеттен:

бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі биология кабинеттерін оқу-жабдығымен жарақтандыруға 16390,0 мың теңге;

бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі лингафондық және мультимедиалық кабинеттер құруға 16600,0 мың теңге;

бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік жүйесіне оқытудың жаңа технологияларын енгізуге 12700,0 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттердің бөлінгені ескерілсін және басшылыққа алынсын.

Аталған трансферттерді бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

8. Ең төменгі күнкөріс мөлшерінің өсуіне байланысты республикалық бюджеттен бөлінген трансферттердің есебінен аудан бюджетіне облыстық бюджеттен:

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге 9412,0 мың теңге; аз қамтылған отбасыларындағы 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар төлеуге 19000,0 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттердің бөлінгені ескерілсін және басшылыққа алынсын.

Аталған трансферттерді бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

*Ескерту. 8 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2009.11.26 N 153 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармағынан қараңыз) шешімімен.*

9. Ауылдық елді мекендердің әлеуметтік саласының мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға республикалық бюджеттен бөлінген трансферттердің есебінен аудан бюджетіне облыстық бюджеттен 1918,5 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттердің бөлінгені ескерілсін және б а с ш ы л ы қ қ а а л ы н с ы н .

Аталған трансферттерді бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

*Ескерту. 8 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2009.11.26 N 153 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармағынан қараңыз) шешімімен.*

10. 2008-2010 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында республикалық бюджеттен бөлінген трансферттердің есебінен аудан бюджетіне облыстық бюджеттен:

мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) сатып алуға 19781,0 мың теңге,

инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және жайлайстыруға және (немесе) сатып алуға 75000,0 мың теңге нысаналы даму трансферттері көзделгені ескерілсін және басшылыққа алынсын.

Аталған трансферттерді бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

*Ескерту. 10 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2009.04.24 N 118 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармағынан қараңыз) шешімімен.*

11. Қазақстан Республикасы ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде республикалық бюджеттен бөлінген трансферттердің есебінен аудан бюджетіне облыстық бюджеттен ауылдық елді мекендерді ауыз сумен жабдықтау объектілерін салуға және реконструкциялауға 83365,0 мың теңге нысаналы даму трансферттерінің бөлінгені ескерілсін және басшылыққа алынсын.

Аталған трансферттерді бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

*Ескерту. 11 тармаққа өзгертулер енгізілді - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2009.04.24 N 118 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармағынан қараңыз), 2009.10.22 N 146 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармағынан қараңыз) шешімімен.*

12. Аудан бюджетінде облыстық бюджет есебінен білім беру объектілерін салуға 134362,0 мың теңге нысаналы даму трансферттері көзделгені ескерілсін және б а с ш ы л ы қ қ а а л ы н с ы н .

Аталған трансфертті бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге

а с ы р ы л а д ы .

*Ескерту. 12 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2009.10.22 N 146 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармағынан қараңыз) шешімімен.*

13. Ауданның жергілікті атқарушы органының резерві 704,5 мың теңге көлемінде бекітілсін.

1) Ақтөбе облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 6 ақпандағы N 153 шешіміне сәйкес облыс әкімдігінің 2009 жылғы 10 ақпандағы N 35 қаулысымен аудан бюджетіне облыстық бюджеттен:

Қаратоғай ауылының ауызсу желісін қайта жарақтауды аяқтауға "Ауданның құрылысы бөлімі" бағдарлама әкімшісі бойынша "Сумен жабдықтау жүйесін дамыту" бағдарламасына 40584,0 мың теңгенің;

"Ауданның білім беру бөлімі" бағдарлама әкімшісі бойынша "Жалпы білім беру" бағдарламасына мектептерге оқушыларды тасымалдауға автобустар сатып алуға 15638,0 мың теңгенің бөлінгені;

*Ескерту. 13 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2009.07.27 N 137 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармағынан қараңыз) шешімімен.*

республикалық бюджет есебінен бөлінген трансферттердің:

"Ауданның білім беру бөлімі" бағдарлама әкімшісі бойынша "Жалпы білім беру" бағдарламасының бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердегі биология кабинеттерін оқу-жабдығымен жарақтандыруға бөлінген 16390,0 мың теңге 16200,0 мың теңгеге;

лингфондық және мультимедиалық кабинеттер құруға бөлінген 16600,0 мың теңге 15791,9 мың теңгеге, "Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы тарнсферттердің есебінен білім берудің мемлекеттік жүйесіне жаңа технологияларын енгізу" бағдарламасына бөлінген 12700,0 мың теңге 12712,0 мың теңгеге өзгертілгені;

"Ауданның құрылыс бөлімі" бағдарлама әкімшісі бойынша "Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыру" бағдарламасына бөлінген 25000,0 мың теңге кемітілгені ескерілсін және б а с ш ы л ы қ қ а а л ы н с ы н .

*Ескерту. 13 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2009.11.26 N 153 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармағынан қараңыз) шешімімен.*

2) Ақтөбе облысы әкімдігінің 2009 жылғы 28 қаңтардағы N 20 қаулысына сәйкес аудан әкімдігінің 2009 жылғы 6 ақпандағы N 53 қаулысымен аудан бюджетінің 2009 жылдың басындағы қалдығы есебінен "Ауданның қаржы бөлімі" бағдарлама әкімшісіне пайдаланылмаған трансферттерді қайтару үшін 118,4

мың теңгеге және "Ауданның білім беру бөлімі" бағдарлама әкімшісі бойынша "Жалпы білім беру" бағдарламасына мектептерге физика кабинеттерін оқу-жабдығымен жарақтандыруға 7500,0 мың теңгенің 2009 жылға қайта бағытталуына байланысты бюджетке түзету енгізілгені ескерілсін және б а с ш ы л ы қ қ а а л ы н с ы н .

3) Аудан бюджетінің 2009 жылғы 1 қаңтардағы қалдығы есебінен "Ауданның қаржы бөлімі" бағдарлама әкімшісіне республикалық бюджеттен бөлінген трансферттердің пайдаланылмаған бөлігін қайтару үшін "Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару" бағдарламасына 10914,1 мың теңге бөлінсін.

4) Аудан бюджетінің 2009 жылғы 1 қаңтарына қалған бос қалдығы 30777,5 мың теңге мына бағдарламаларға бағытталсын:

"Ауданның ішкі саясат бөлімі" бағдарлама әкімшісі бойынша "Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу" бағдарламасына мәслихаттың шешімдерін газетке жарялауға 700,0 мың теңге;

"Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округтің әкімінің аппараты" бағдарлама әкімшісі бойынша "Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округтің әкімі аппаратының қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына ауылдық жерлердегі малды бірдейлендіру шараларына 3110,0 мың теңге;

"Ауданның қаржы бөлімі" бағдарлама әкімшісі бойынша "Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату" бағдарламасына коммуналдық меншікті тіркеуге 1000,0 мың теңге, "Занды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту" бағдарламасына "Ұлы Борсық" кәсіпорынының жарғылық капиталын ұлғайтуға 3000,0 мың теңге;

"Ауданның білім беру бөлімі" бағдарлама әкімшісінің "Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 1050,0 мың теңге, "Жалпы білім беру" бағдарламасына 15897,5 мың теңге, "Балалар үшін қосымша білім беру" бағдарламасына 1900,0 мың теңге;

"Ауданның ауылшаруашылық бөлімі" бағдарлама әкімшісі бойынша "Ауылшаруашылық бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына бөлім шығындарына 320,0 мың теңге;

"Ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" бағдарлама әкімшісі бойынша "Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі" бағдарламасына 2100,0 мың теңге, "Жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқтарды жерлеу" бағдарламасына 1700,0 мың теңге.

5) "Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округтің әкімінің аппараты" бағдарлама әкімшісі бойынша "Қаладағы

аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округтің әкімі аппаратының қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасынан 9950,0 мың теңге кемітіліп, мыналарға бөлінсін:

"Ауданның ішкі саясат бөлімі" бағдарлама әкімшісі бойынша "Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу" бағдарламасына 2000,0 мың теңге;

"Ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" бағдарлама әкімшісі бойынша "Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі" бағдарламасына 5000,0 мың теңге, "Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру" бағдарламасына 2540,0 мың теңге, "Ауданның коммуналдық меншігіндегі газ жүйелерін қолдануды ұйымдастыру" бағдарламасына 168,0 мың теңге, "Ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 242,0 мың теңге.

б) "Ауданның мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" бағдарлама әкімшісі бойынша "Аудандық кітапханалардың жұмыс істеуі" бағдарламасынан 930,0 мың теңге кемітіліп, "Мәдени-демалыс жұмысын қолдау" бағдарламасына ауданның мәдениет үйлерін күрделі жөндеуге 900,0 мың теңге, "Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты" бағдарлама әкімшісі бойынша Ақтоғай селолық округі әкімінің аппаратына "Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округтің әкімі аппаратының қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасына 30,0 мың теңге бағытталсын.

7) "Аудан әкімінің аппараты" бағдарлама әкімшісі бойынша "Аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасынан 2000,0 мың теңге, "Ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" бағдарлама әкімшісі бойынша "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек" бағдарламасынан 5500,0 мың теңге, "Тұрғын үй көмегі" бағдарламасынан 7500,0 мың теңге кемітіліп, "Аудан әкімінің аппараты" бағдарлама әкімшісі бойынша "Аудан ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою" бағдарламасына 2000,0 мың теңге, "Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты" бағдарлама әкімшісі бойынша Шалқар селолық округі әкімінің аппаратына "Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру" бағдарламасына 300,0 мың теңге, "Ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" бағдарлама әкімшісі бойынша "Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету" бағдарламасына 480,0 мың теңге, "Еңбекпен қамту" бағдарламасына 6500,0 мың теңге, "Ауданның білім беру бөлімі" бағдарлама әкімшісінің "Жалпы білім беру" бағдарламасына 2000,0 мың теңге, "Ауданның қаржы бөлімі" бағдарлама әкімшісі бойынша "Қаржы бөлімінің қызметін



камтамасыз ету" бағдарламасына 720,0 мың теңге, "Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату" бағдарламасына коммуналдық меншікті тіркеуге 3000,0 мың теңге бөлінсін.

8) "Ауданның құрылыс бөлімі" бағдарлама әкімшісі бойынша 7 "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық" функционалдық тобының "Сумен жабдықтау жүйесін дамыту" бағдарламасына бөлінген 98376,0 мың теңге кемітіліп, 10 "Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары" функционалдық тобының "Сумен жабдықтау жүйесін дамыту" бағдарламасына б а ғ ы т т а л с ы н .

9) "Ауданның құрылыс бөлімі" бағдарлама әкімшісі бойынша "Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыру" бағдарламасынан 75,0 мың теңге кемітіліп, "Сумен жабдықтау жүйесін дамыту" б а ғ д а р л а м а с ы н а б ө л і н с і н .

10) "Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округтің әкімінің аппараты" бағдарлама әкімшісі бойынша "Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету" бағдарламасынан Шалқар қаласы әкімінің аппаратынан 500,0 мың теңге кемітіліп, "Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету" бағдарламасына бөлінсін.

11) Аудан әкімдігінің 2009 жылғы 26 қаңтардағы N 43 қаулысымен "Ауданның қаржы бөлімі" бағдарлама әкімшісі бойынша "Ауданның жергілікті атқарушы органының резерві" бағдарламасынан 1233,5 мың теңге кемітіліп, "Аудан әкімінің аппараты" бағдарлама әкімшісі бойынша "Жергілікті атқарушы органы резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындау" бағдарламасына бөлініп, аудан бюджетіне түзету енгізілгені ескерілсін.

*Ескерту. 13 тармаққа толықтырулар енгізілді - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2009.02.10 N 111 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 тармағынан қараңыз) шешімімен.*

12) Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009 жылғы 18 сәуірдегі N 181 шешімімен аудан бюджетіне өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыруға республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер есебінен: білім беру объектілерін күрделі жөндеуге 61400,0 мың теңге, мәдениет объектілерін күрделі жөндеуге 28700,0 мың теңге; елді мекендердегі әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға, оның ішінде мәдениет объектілерін күрделі жөндеуге 13600,0 мың теңге; әлеуметтік жұмыс орындары және жастар практикасы бағдарламасын

кеңейтуге 36934,0 мың теңге;  
облыстық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер есебінен:  
білім беру объектілерін күрделі жөндеуге 11068,0 мың теңге,  
мәдениет объектілерін күрделі жөндеуге 8300,0 мың теңге;  
елді мекендердегі әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға, оның ішінде  
мәдениет объектілерін күрделі жөндеуге 1900,0 мың теңге бөлінгені ескерілсін  
және басшылыққа алынсын.

Аталған сомаларды бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге  
асырылады.

*Ескерту. 13 тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2009.10.22 N 146 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармағынан қараңыз) шешімімен.*

13) 2009 жылға арналған аудан бюджетінде мемлекеттік органдардың үнемдеген әкімшілік шығындарының есебінен өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыруға, оның ішінде білім беру объектілерін күрделі жөндеуге, 2632,0 мың теңге бағытталсын.

Аталған соманы бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

*Ескерту. 13 тармақ 12), 13) тармақшалырымен толықтырылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2009.04.24 N 118 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармағынан қараңыз) шешімімен.*

14) Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009 жылғы 15 шілдедегі N 206 шешімімен аудан бюджетіне облыстық бюджеттен аудан мектептерінде 1-4 сынып оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз етуге 4761,0 мың теңге трансферттің бөлінгені ескерілсін және басшылыққа алынсын.

Аталған соманы бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

"

15) Аудан бюджетінің 10000,0 мың теңге көлеміндегі қосымша кіріс түсімдері есебінен күрделі жөндеуге 3375,0 мың теңге, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға 3325,0 мың теңге, сумен жабдықтау жүйесін дамытуға 3300,0 мың теңге бағытталсын.

Аталған сомаларды бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

*Ескерту. 13 тармақ 14), 15) тармақшалырымен толықтырылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2009.07.27 N 137 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармағынан қараңыз) шешімімен.*

16) Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009 жылғы 16 қазандағы N 224 шешімімен аудан бюджетіне облыстық бюджеттен балабақшаға ғимарат сатып алуға 20000,0 мың теңге трансферттің бөлінгені ескерілсін және басшылыққа

а л ы н с ы н .

Аталған соманы бөлу аудан әкімдігінің қаулысы негізінде жүзеге асырылады.

*Ескерту. 13 тармақ 16) тармақшамен толықтырылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2009.10.22 N 146 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармағынан қараңыз) шешімімен.*

14. Бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға және заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға бағытталған бюджеттік бағдарламалардың бөлуімен 2009 жылға арналған аудан бюджеттің бюджеттік даму бағдарламаларының тізбесі 2 қосымшаға сәйкес б е к і т і л с і н .

15. 2009 жылға арналған аудан бюджетінің атқарылу барысында секвестрлеуге жатпайтын бюджеттік бағдарламаларының тізбесі 3 қосымшаға с ә й к е с б е к і т і л с і н .

16. Шалқар қаласы, селолық округ әкімдері аппараттарының бюджеттік бағдарламалары бойынша қаржыландыру көлемі 4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

17. Осы шешім 2009 жылғы 01 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат

Аудандық мәслихат

сессиясының төрағасы

хатшысы

А. Бақтыбаев

С.Тулемисов

А у д а н д ы қ

м ә с л и х а т т ы н

2008

ж ы л ғ ы

19

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

к е з е к т і

о н

б і р і н ш і

с е с с и я с ы н ы ң

N 88 шешіміне 1 қосымша

*Ескерту.1 қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2009.11.26 N 153 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармағынан қараңыз) шешімімен.*

### Шалқар ауданының 2009 жылға арналған бюджеті

Са	Сы	Іш	Ер	Атауы	Сомасы, мың теңге
на	ны	кі	ек		
ты	бы	сы	ше		
		ны	лі		
		бы	к		
				КІРІСТЕР	3362093
1				САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР	651229
	01			Табыс салығы	197094
		2		Жеке табыс салығы	197094
			01	Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	185834
			02	Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	7560
			03	Қызметін біржолғы талон бойынша жүзеге асыратын жеке тұлғалардан алынатын жеке табыс салығы	3700

03		Әлеуметтік салық	197894
	1	Әлеуметтік салық	197894
	01	Әлеуметтік салық	197894
04		Меншікке салынатын салықтар	229864
	1	Мүлікке салынатын салықтар	203786
	01	Заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық	202274
	02	Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық	1512
	3	Жер салығы	7609
	01	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жеке тұлғалардан алынатын жер салығы	64
	02	Елді мекендер жерлеріне жеке тұлғалардан алынатын жер салығы	1188
	03	Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жеріне және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерге салынатын жер салығы	394
	04	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге заңды тұлғалардан, жеке кәсіпкерлерден, жеке нотариустар мен адвокаттардан алынатын жер салығы	0
	08	Елді мекендер жерлеріне заңды тұлғалардан, жеке кәсіпкерлерден, жеке нотариустар мен адвокаттардан алынатын жер салығы	5963
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	16525
	01	Заңды тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салық	3525
	02	Жеке тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салық	13000
	5	Бірыңғай жер салығы	1944
	01	Бірыңғай жер салығы	1944
05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	24964
	2	Акциздер	1350
	96	Заңды және жеке тұлғалар бөлшек саудада өткізетін, сондай-ақ өзінің өндірістік мұқтаждарына пайдаланылатын бензин (авиациялықты қоспағанда)	1296
	97	Заңды және жеке тұлғаларға бөлшек саудада өткізетін, сондай-ақ өз өндірістік мұқтаждарына пайдаланылатын дизель отыны	54
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	20332
	15	Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем	20332
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	3282
	01	Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым	540
	02		270

			Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін алынатын лицензиялық алым	
		03	Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым	108
		05	Жылжымалы мүлікті кепілдікке салуды мемлекеттік тіркегені және кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасы үшін алынатын алым	129
		14	Көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым	216
		18	Жылжымайтын мүлікке және олармен мәміле жасау құқығын мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым	2019
08			Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	1413
	1		Мемлекеттік баж	1413
		02	Мемлекеттік мекемелерге сотқа берілетін талап арыздарынан алынатын мемлекеттік бажды қоспағанда, мемлекеттік баж сотқа берілетін талап арыздан, ерекше талап ету істері арыздарынан, ерекше жүргізілетін істері бойынша арыздардан (шағымдар), сот бұйрығын шығару туралы өтініштерден, атқару парағының дубликатын беру шағымдардар, аралық (төрелік) соттардың және шетелдік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындауға атқару парағын беру туралы шағымдардың, сот актілерінің атқару парағының және өзге де құжаттардың көшірмелерін қайта беру туралы шағымдардан алынатын баж	540
		04	Азаматтық хал актілерін тіркегені үшін, сондай-ақ азаматтарға азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктерді және азаматтық хал актілері жазбаларын өзгертуге, толықтыруға және қалпына келтіруге байланысты куәліктерді қайтадан бергені үшін мемлекеттік баж	631
		08	Тұрғылықты жерін тіркегені үшін мемлекеттік баж	172
		10	Жеке және заңды тұлғалардың азаматтық, қызметтік қаруының (аңшылық суық қаруды, белгі беретін қаруды, ұңғысыз атыс қаруын, механикалық шашыратқыштарды, көзден жас ағызатын немесе тітіркендіретін заттар толтырылған аэрозольді және басқа құрылғыларды, үрмелі қуаты 7,5 Дж-дан аспайтын пневматикалық қаруды қоспағанда және калибрі 4,5 мм-ге дейінгілерін қоспағанда) әрбір бірлігін тіркегені және қайта тіркегені үшін алынатын мемлекеттік баж	70
2			САЛЫҚТЫҚ ЕМЕС ТҮСІМДЕР	43084

01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	4806
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	4806
		04 Коммуналдық меншіктегі мүлікті жалдаудан түсетін кірістер	4806
04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	5881
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	5881
		05 Жергілікті мемлекеттік органдар салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар	5881
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	32397
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	32397
		09 Жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер	32397
3		НЕГІЗГІ КАПИТАЛДЫ САТУДАН ТҮСЕТІН ТҮСІМДЕР	16187
	03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	16187
		1 Жерді сату	16187
		01 Жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер	16187
4		ТРАНСФЕРТТЕРДІҢ ТҮСІМДЕРІ	2602283
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғарғы тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2602283
		2 Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2602283
		01 Ағымдағы нысаналы трансферттер	386909
		02 Нысаналы даму трансферттері	353092
		03 Субвенциялар	1862282
8		Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	49310
	1	Бюджет қаражаты қалдықтары	49310
		1 Бюджет қаражатының бос қалдықтары	49310
		01 Бюджет қаражатының бос қалдықтары	49310
<b>Функционалдық топ</b>			<b>с о м а с ы ( м ы ң теңге)</b>
<b>Кіші функция</b>			
<b>Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі</b>			
<b>Бағдарлама</b>			
<b>Кіші бағдарлама</b>			
<b>Ш ы ғ ы н д а р</b>			<b>3362093</b>
1		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	182160

01	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар		154482
	112	Аудан маслихатының аппараты	12918
		001 Аудан маслихатының қызметін қамтамасыз ету	12918
	122	Аудан әкімінің аппараты	36968,5
		001 Аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету	35735
		115 Жергілікті атқарушы органы резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындау	1233,5
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	104595
		001 Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округтің әкімі аппаратының қызметін қамтамасыз ету	104595
02	Қаржылық қызмет		14860
	452	Ауданның қаржы бөлімі	14860
		001 Қаржы бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	13061
		003 Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	150
		011 Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	1649
05	Жоспарлау және статистикалық қызмет		12818
	453	Ауданның экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	12818
		001 Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	12818
2	Қ о р ғ а н ы с		7165,5
01	Әскери мұқтаждар		3507
	122	Аудан әкімінің аппараты	3507
		005 Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	3507
02	Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру		3658,5
	122	Аудан әкімінің аппараты	3658,5
		006 Аудан ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	3658,5
		007 Аудандық ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде, өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	
3	Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызмет		2878
	01	Құқық қорғау қызметі	2878
		458 Ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2878
		021 Елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету	2878
4	Б і л і м б е р у		2396040
	01	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	252439
		464 Ауданның білім беру бөлімі	252439
		009	252439

			Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	
02			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	1906956
	464		Ауданның білім беру бөлімі	1906956
		003	Жалпы білім беру	1795547
		006	Балалар үшін қосымша білім беру	98697
		010	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен білім берудің мемлекеттік жүйесіне оқытудың жаңа технологияларын енгізу	12712
09			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	236645
	464		Ауданның білім беру бөлімі	102283
		001	Білім беру бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	22423
		005	Ауданның мемлекеттік білім беру мекемелері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	4565
		007	Аудандық ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	195
		011	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде білім беру объектілерін күрделі, ағымды жөндеу	75100
	467		Ауданның құрылыс бөлімі	134362
		037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	134362
5			Денсаулық сақтау	0
09			Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	0
		002	Ерекше жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастыру	
6			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	243348
02			Әлеуметтік көмек	224462
	451		Ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	224462
		002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	66213
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	8612
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	13108
		006	Тұрғын үй көмегі	13691
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	58893
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	242
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	17957
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	41565
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге, және ымдау тілі мамандарының, жеке көмекшілердің қызмет көрсету	4181



	09	Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы өзге де қызметтер		18886
	451	Ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі		18886
		001	Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	18362
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	524
7	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық			173191
	01	Тұрғын үй шаруашылығы		104701
	458	Ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі		4550
		003	Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	2700
		004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	1850
	467	Ауданның құрылыс бөлімі		100151
		003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысы және (немесе) сатып алу	19781
		004	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыру және (немесе) сатып алуға кредит беру	80370,2
	02	Коммуналдық шаруашылық		16086
	458	Ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі		16086
		012	Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі	15353
		026	Ауданның коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	600
		027	Ауданның коммуналдық меншігіндегі газ жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	133
		029	Сумен жабдықтау жүйесін дамыту	
	03	Елді мекендерді көркейту		52404
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты		40462
		008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	1505
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	11453
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	27504
	458	Ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі		11942
		015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	7772
		017	Жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқтарды жерлеу	4170
8	Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік			136957
	01	Мәдениет саласындағы қызмет		36846
	455	Ауданның мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі		36846
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	36846
	02	С п о р т		1454,1

	465	Ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімі		1454,1
		006	Аудандық деңгейде спорттық жарыстар өткізу	820,4
		007	Әр түрлі спорт түрлері бойынша аудан құрама командалары-ның мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	633,7
03	Ақпараттық кеңістік			44727
	455	Ауданның мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі		40287
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	39884
		007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	403
	456	Ауданның ішкі саясат бөлімі		4440
		002	Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу	4440
09	Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер			53929,9
	455	Ауданның мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі		42842
		001	Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	5842
		004	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде мәдениет объектілерін күрделі, ағымдағы жөндеу	37000
	456	Ауданның ішкі саясат бөлімі		6321
		001	Ішкі саясат бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	5143
		003	Жастар саясаты саласындағы өңірлік бағдарламаларды іске асыру	1178
	465	Ауданның дене шынықтыру және спорт бөлімі		4766,9
		001	Дене шынықтыру және спорт бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	4766,9
10	Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары			165893
	01	Ауыл шаруашылығы		140803
	453	Ауданның экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі		1918,5
		099	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру	1918,5
	462	Ауданның ауыл шаруашылық бөлімі		10567
		001	Ауыл шаруашылығы бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	9567
		003	Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	500
		004	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	500
	467	Ауданның құрылыс бөлімі		128318
		010	Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту	993,8
		012	Сумен жабдықтау жүйесін дамыту	127324
	06	Жер қатынастары		9590
	463	Ауданның жер қатынастары бөлімі		9590

		001	Ауданның жер қатынастары бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	7815
		003	Елді мекендерді жер-шаруашылық орналастыру	1775
09	Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны өорғау мен жер жер өатынастары саласындағы өзге де қызметтер			15500
	455	Ауданның мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі		15500
		008	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде әлеуметтік жобаларды қаржыландыру	15500
11	Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі			11837
	02	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі		11837
	467	Ауданның құрылыс бөлімі		5026
		001	Құрылыс бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	5026
	468	Ауданның сәулет және қала құрылысы бөлімі		6811
		001	Қала құрылысы және сәулет бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	5109
		108	Жергілікті бюджеттік инвестициялық және концессиялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және оларға сараптама жасау	1702
12	Көлік және коммуникация			17634
	01	Автомобиль көлігі		17634
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты		3000
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	3000
	458	Ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі		14634
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	14634
13	Б а с қ а л а р			13957
	03	Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау		7932
	469	Ауданның кәсіпкерлік бөлімі		7932
		001	Кәсіпкерлік бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	4954
		003	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	2978
09	Б а с қ а л а р			6025
	452	Ауданның қаржы бөлімі		0
		012	Ауданның жергілікті атқарушы органының резерві	
		014	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	
	458	Ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі		6025
		001	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	6025

15	Трансферттер		11032,5
	01	Трансферттер	11032,5
		452 Ауданның қаржы бөлімі	11032,5
		006 Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	11032,5

Аудандық мәслихаттың  
2008 жылғы 19 желтоқсандағы  
кезекті он бірінші сессиясының  
N 88 шешіміне 2 қосымша

*Ескерту.2 қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2009.04.24 N 118 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармағынан қараңыз) шешімімен.*

**Бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) және заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға бағытталған бюджеттік бағдарламаларға бөлуімен 2009 жылға арналған аудан бюджетінің даму бағдарламаларының ТІЗБЕСІ**

Функц.топ	Кіші функция	Бюджет бағд.әкімшісі	бағдарлама	Кіші бағдарлама	Атауы
Инвестициялық бюджеттік бағдарламалар					
4					Білім беру
	09				Білім беру саласында өзге де қызметтер
		464			Ауданның білім беру бөлімі
			004		Ауданның мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру
		467			Ауданның құрылыс бөлімі
			037		Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау
				011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен
				015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен
7					Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы
	01				Тұрғын үй шаруашылығы
		467			Ауданның құрылыс бөлімі
			003		

					Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысы және (немесе) сатып алу
				011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен
				013	Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен
				015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен
			004		Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және жайластыру және (немесе) сатып алуға кредит беру
				011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен
				015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен
	02				Коммуналдық шаруашылық
		458			Ауданның тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі
			028		Коммуналдық шаруашылығын дамыту
				011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен
				015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен
		029			Сумен жабдықтау жүйесін дамыту
				011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен
				015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен
		467			Ауданның құрылыс бөлімі
			005		Коммуналдық шаруашылығын дамыту
				011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен
				015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен
			006		Сумен жабдықтау жүйесін дамыту
				011	

					Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен
				015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен
	03				Елді мекендерді көркейту
		467			Ауданның құрылыс бөлімі
			007		Қаланы және елді мекендерді көркейтуді дамыту
				011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен
				015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен
10					Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары
	01				Ауыл шаруашылығы
		467			Ауданның құрылыс бөлімі
			010		Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту
			012		Сумен жабдықтау жүйесін дамыту
				011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен
				015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен
12					Көлік және коммуникация
	01				Автомобиль көлігі
		458			Ауданның тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлім
			022		Көлік инфрақұрылымын дамыту
				011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен
				015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен
Заңды тұлғаларды жарғылық капиталын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға бағытталған бюджеттік бағдарламалар					
13					Басқалар

	09				Басқалары
		452			Ауданның қаржы бөлімі
			014		Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы ң  
2008 жылғы 19 желтоқсандағы  
кезекті он бірінші сессиясының  
N 88 шешіміне 3 қосымша

**Шалқар ауданының 2009 жылға арналған бюджетінің секвестрлеуге жатпайтын ағымдағы бюджеттік бағдарламалары мен кіші бағдарламаларының тізбесі**

Функцион алдық топ	Кіші функция	Әкімші	бағдарлама	Кіші бағдарлама	Атауы
04					Білім беру
	02				Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру
		464			Ауданның білім беру бөлімі
			003		Жалпы білім беру
				105	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мектептер, гимназиялар, лицейлер, бейіндік мектептер, мектеп-балабақшалар

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы ң  
2008 жылғы 19 желтоқсандағы  
кезекті он бірінші сессиясының  
N 88 шешіміне 4 қосымша

*Ескерту.4 қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2009.10.22 N 146 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармағынан қараңыз) шешімімен.*

**Шалқар ауданы бойынша қала, селолық округтер әкімдіктерінің 2009 жылға арналған бюджеттік бағдарламалары бойынша қаржыландыру көлемі**

Жергілікті органдардың аппараттары	Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру	Мемлекеттік органдардың ғимараттарын, үй-жайлары мен құрылы	Мемлекеттік органдардың материалдық-техникалық және жарықтандыру	Мелекеттік органдардың материалдық-техникалық және жарықтандыру	Ерекше жағдай-ларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаул

			старын күрделі жөндеу		ы қ сақтау ұйымына жеткізу
	123001003	123001007	123001008	123001009	123002000
Селолық округтер:					
Айшуак	5741	80		170	
Актогай	5612	79		170	
Біршоғыр	6186	127		170	19
Бозой	7425	76,5		170	
Есет Көтібарұлы	6517	172		170	
Жанақоныс	7907	49		120	
Кішіқұм	5850	80		170	
Қауылжыр	5970	88		170	
Мөңке би	6332	180		170	
Тоғыз	5147	97		170	
Шалқар	8095	81,5		170	
Шетырғыз	6237	53		170	
Шалқар қаласы	18910,6	223,4	5000	270	
<b>Жиыны</b>	<b>95929,6</b>	<b>1386,4</b>	<b>5000</b>	<b>2260</b>	<b>19</b>

#### кестенің жалғасы

	Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы			Автокөлік жолдарын ұстау
	Елді мекендерде көшелерді жарықтан-дыру	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	
	123008000	123009000	123011000	123013000
Селолық округтер:				
Айшуак	90	100	170	
Актогай	90	100	170	
Біршоғыр	90	100	170	
Бозой	90	125	1004	
Есет Көтібарұлы	192	100	170	
Жанақоныс	190	100	170	
Кішіқұм	170	100	670	
Қауылжыр	110	100	170	
Мөңке би	90	100	670	
Тоғыз	90	100	600	
Шалқар	164	100	470	
Шетырғыз	139	100	670	
Шалқар қаласы		10228	22400	3000
<b>Жиыны</b>	<b>1505</b>	<b>11453</b>	<b>27504</b>	<b>3000</b>